Докторант А. Максымкановаңың «Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы PhD дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы туралы
Пікір

Жеке тектік қор құжаттары – бұл Отанның болашағы, елдің ертеңі, жердің тұтастығы, халық бірлігінің мызғымыстығы үшін еңбек еткен азаматтардың өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған баға жетпес мұра, асыл қазына. Туған жердің өкілдерін тану және насихаттау, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ету қоғамның дамуы үшін маңызды. Архив қорларында Ұлы Даланың Ұлы есіміне лайық тұлғалардың ғұмыры мен қызметін айғақтайтын деректер сақтаулы. Дегенмен олардың бірі туралы жиі айтылса, екіншілері жөнінде айтыла да, жазыла да бермейді. Архивтердегі жеке тектік қор құжаттары – тек дербес тұлға туралы ғана емес, мемлекет пен қоғамның дамуы туралы да құнды мәліметтер беретін дерек көздері. Сондықтан олар архивтік басқа қор құжаттарына қарағанда өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Қоғам және саяси қайраткерлерінің жеке қорлар құжаттарынан мемлекеттік мәдени дамуы үшін аянбай тек төккен, қоғамда өзіндік орны бар, елдің саяси, мәдениет, өнер салаларында есімдері аталатын қайраткерлердің өмір жолдары, қызмет еткен еңбектері, жалпы қоғамдағы алар орны анық байқалады. Сондықтан ондай құжаттардың тарихи, мәдени, рухани және танымдық маңызы зор.

Еліміздің тәуелсіздік алуы тарихымыздың өткен күрделі кезеңдерін шынайы тұрғыда айқындай отырып зерттеуге, сол негізде халқымыздың рухани және ұлттық жаңғыруына ықпал етеді. Жеке архивтер мен жеке тұлғалардың мемлекеттік сақтауға өткізілген құжаттары аса құнды тарихи-мәдени мұра болып саналады. Отан тарихының жаңа беттерін ашуда бұл мұрағат қорындағы құжаттардың маңызы зор. Оның қоры жыл сайын ұлғаюда.

Жеке архив қойнауында сақталған құжаттарға талдау жасап, оларды ғылыми айналымға енгізу өткен кезеңдегі тарихқа жаңаша баға беруге көмектеседі. Сондықтан, қазіргі таңда мұрағат құжаттары зерттеушілердің үлкен қызығушылығын тудыруда. Бірақ, жеке тектік қорларды қалыптастыру орталық мемлекеттік архивтерде әртүрлі талаптар мен критерилер негізінде іске асырылуда. Тіпті бір тарихи тұлғаның жеке тектік қоры бірнеше архивтен де кездеседі. Сондықтан, мемлекеттік архивтерге қабылданған әрбір жеке қор құжаттарының тарихи, ғылыми тұрғыдан қарағандағы құндылығы, мазмұнының маңыздылығы, сирек кездесетіндігі т.б. қажеттіліктері ескерілуі қажет. Бұның бәрі жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін айқындауды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, докторанттың диссертациясы өзекті мәселеге арналған.

Сонымен қатар қарастырылып отырған зерттеу тақырыбы еліміздегі архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыруда тарихи-танымдық және практикалық тұрғыдан да сұранысқа ие болып отыр.

Диссертациялық жұмыста ҚР ОМА-дегі жеке тектік қорлардың қалыптасуы және әдістемелік негіздері талданып, ҚР ПА-дегі жеке тектік қорлардың дамуы және оның ерекшеліктерін сипатталды және ҚР ОМҒТҚА-дағы жеке тектік қорлардың қалыптасуының барысын баяндалды. Сонымен қатар жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайы, шетелдік және отандық архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастыруды салыстырмалы түрде талданып, жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми-зерттеу барысындағы күрделі мәселелерін анықталды. Зерттеуші архивтерді электрондық негіздегі жеке тектік құжаттармен жинақтау, есепке алу мәселелерін айқындай отырып, жеке тектік қор құжаттарын мемлекеттік архивтерде қалыптастыру жөнінде ұсыныстар жасады.

А. Максымкановаңың диссертациясы жаңа ғылыми тұжырымдарымен де ерекшеленеді. Онда архивтану саласында жеке тектік құжаттармен жинақтау, қалыптастыру, пайдалану мәселелері кешенді түрде тұңғыш рет зерттелді және «жеке тектік құжаттар» мен «жеке тектік қорлар» анықтамаларын «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңының аясында біріздендіру жолдары айқындалды. Жұмыста ҚР ОМА-і, ҚР ОМҒТҚА-і, ҚР ПА-нің қызмет бейініне сәйкес жинақтау көздері тізіміне енгізілетін тұлғаларды сала бойынша, наградалары мен құжаттарының құрамы анықталды және жеке тектік құжаттардың жинақтау көздерінің санаттарын айқындаудың жаңа критерийлері ұсынылды.

Мұнымен қатар, жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша архивтердің әдістемелік негіздері жеке-жеке талданып, жаңа маман иелерінің пайда болуына байланысты қор құрушылардың салалық ерекшеліктері ескеріліп, құжаттарының құрамына байланысты қор қалыптастыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылатын, жетілдірілген, біріздендірілген ортақ әдістемеліктің қажеттілігі анықталды.

Зерттеу барысында докторант А. Максымканова жеке тектік қорлардың архивтер арасында бөлшектенуі, қайталануы, орын ауыстыруы мәселелері алғаш рет ғылыми негізде айқындай отырып, архивтердегі электрондық негіздегі жеке тектік құжаттарды жинақтау мәселелерін анықтап, сол бойынша нақты ұсыныстар жасады.

Жоғарыда айтылғандар А. Максымкановаңың «Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы PhD дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы зерттеуші жеке өзі дайындаған, архивтану саласы үшін ғылыми мазмұны мен маңызы жоғары еңбек болып табылады және диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми жетекшісі,
т.ғ.д., профессор **Т.Ә. Төлебаев**